

## ***12. ТАҚЫРЫП. Бюджеттің шығыстарын құқықтық реттеу –2 сағат.***

Қазақстан Республикасының банктік жүйесі екі деңгейден тұрады. Біріншідеңгейлі бан – Ұлттық Банк. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын бір аукционда ұсыну көлемі 31 млрд. теңгеден 150 млрд. теңгеге дейін біртіндеп ұлғайтылды. 2006 жылы 3,8 трлн. теңге көлемінде ноталар шығарылды, бұл 2005 жылға қарағанда 2,0 есе көп. Айналыстағы ноталар көлемі 2006 жылы 3,3 есеге 533,1 млрд. теңгеге дейін артты. 2006 жылғы 12 шілдеден бастап Ұлттық Банк жаңа Ең төменгі резервтік талаптар (ЕРТ) туралы ереже енгізді. Ол бойынша банктің ЕРТ нормативтеріне кіретін міндеттемелерінің құрылымы біраз кеңейтілді. Сонымен қатар ең төменгі нормативтік талаптардың мынадай жіктелген нормативтері енгізілді: банктің ішкі міндеттемелері үшін 6% және өзге міндеттемелері үшін 8%. 18 шілдеден бастап екінші деңгейдегі банктер алғашқы рет жаңа ереженің талаптарына сәйкес ең төменгі резервтік талаптарды есептей бастады, ал 20 шілдеден бастап резервтік активтерін қалыптастыра бастады. Ережеге өзгерістердің енгізілуі ең төменгі резервтік талаптардың ұлғаюына әкеп соқты, ол өз кезегінде резервтік активтердің өсуіне әкелді. 2006 жылғы 1 шілдеден бастап Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдалану механизмінің өзгеруіне байланысты Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін айырбастаудың және қайта айырбастаудың жаңа ережесін қабылдады (2006 жылғы 25 шілдедегі № 67). Осы Ережеге сәйкес Ұлттық Банк алтын валюта активтерінен Ұлттық қор үшін шетел валютасын сатып алумен қатар ішкі нарықтан шетел валютасын сатып ала алады.

Ұлттық Банк Қызметінің 2007-2009 жылдарға арналған негізгі бағыттары

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына сәйкес Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Ақша-кредит саясатының негізгі бағыттары жыл сайын алдағы 3 жылға, ақша-кредит саясатының 3 жылға арналған негізгі көрсеткіштерінің болжамдарын қоса және алдыңғы жылға арналған шараларды нақтылай отырып айқындалады.

Ақша-кредит саясатының 2007-2009 жылдарға арналған көрсеткіштерінің болжамдарын әзірлеу трансмиссиялық механизм үлгісі пайдаланылды. Есептеу кезінде орташа мерзімді кезеңде әлемдік экономиканың өсу қарқыны және әлемдік тауар нарықтарының конъюнктурасы Қазақстан экономикасының дамуына

қолайлы жағдай жасайтын болады деген болжамдар пайдаланылды. Бұдан басқа, есептеулер мен ұсыныстар негізіне Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарының (бұдан әрі – Орта мерзімді жоспар) өлшемдері алынды. Сонымен бірге, республикалық бюджеттің 2007 жылға арналған жобасына сәйкес, республикалық бюджеттің 2007 жылға арналған шығыстары бюджеттің 2006 жылғы шығыстарымен салыстырғанда 28,1%-ға көбейеді деп болжанып отыр.

Инфляцияға болжам Филипс қисығы негізінде жасалды, ол ІЖӨ-нің әлуатті деңгейінен, инфляциялық күтулерден және еңбекақыдан ауытқуы арасындағы теориялық өзара байланысты көрсетеді. Соңғы көрсеткіштер, өз кезегінде, экономикаға берілген кредиттер, айырбас бағамы, ақша массасы және басқа да көрсеткіштер арқылы айқындалады. Сыртқы борыш қарастырылатын үлгілерге тікелей кірмейді.

2007-2009

жылдарға арналған әлуатті инфляцияға P-star үлгісі бойынша жасалған болжам біршама шетел капиталының әкелініп, ішкі қаржы нарығындағы өтімділіктің асып кетуі, мемлекеттік бюджет шығыстарының өсуі жағдайларында орта мерзімді кезеңде инфляция динамикасының төмендеу үрдісі болғанымен экономиканы дамытудың инфляциялық аясының сақталатындығын көрсетеді.